

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1230 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 837 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 6 наурыздағы № 138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 7 наурыздағы № 30 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 наурызда № 32035 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1230 және Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 837 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12793 болып тіркелген) бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парактарын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілеріне қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес энергия аудиторлық ұйымдарға қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, тапсырыс берушілерге қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, құрылыштарға қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде энергия аудиторлық ұйымдарға қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшалары сәйкес, талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде оқу орталықтарына қатысты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру парагы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалары осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Kuантыров

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлік міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2023 жылғы 7 наурыздағы

№ 30 мен

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

министрінің міндеттін атқарушы

2023 жылғы 6 наурыздағы

№ 138 Бірлескен бұйрыққа

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және

даму министрінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 1230 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндеттін атқарушының

2015 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 837 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және" "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 126 бұйрығына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31148 болып тіркелген).

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік энергетикалық тізілім – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпараттың жүйеленген жиынтығы;

2) мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері - энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жұз және одан да көп тоннага барабар көлемінде

тұтынатын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор мен табиғи монополиялар субъектілері;

3) оқу орталығы – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі;

4) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды және олармен үлестес занды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес занды тұлғалар;

5) уәкілетті орган – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік орган;

6) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өндөу және талдау;

7) энергия-аудиторлық ұйым – энергия аудитін жүзеге асыратын занды тұлға;

8) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) (бұдан әрі – бақылау субъектілері (объектілері)) – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері, тапсырыс берушілер, құрылыш салушылар, энергия аудиторлық ұйымдар мен оқу орталықтары;

9) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлға.

3. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

2-тaraу. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттарға мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне сәйкес бақылау субъектілерін (объектілерін) жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Субъективті өлшемшарттар жөніндегі тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Іктинал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

6. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

8. Бақылау субъектілері (объектілері) үш тәуекел бойынша іріктеледі (жоғары, орташа, төмен).

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жоғары тәуекел дәрежесіне мыналар жатады:

- 1) жылына елу мың және одан да көп тонна шартты отынға баламалы көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері ;
- 2) тапсырыс берушілер.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекелдің орташа дәрежесіне мыналар жатады:

- 1) жылына бес пен елу мың тона шартты отынға баламалы көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері;
- 2) энергия аудиторлық үйымдар;
- 3) окуорталықтары;
- 4) құрылымдар.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекелдің төмен дәрежесіне мыналар жатады:

- 1) жылына бес мыңға дейінгі шартты тонна отынға баламалы көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына бір ретті құрайды.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі екі жылда бір ретті құрайды.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін хабарлау тәртібі бойынша үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі үш жылда бір ретті құрайды.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметінің салалары үшін хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігін бақылау органдары тәуекел дәрежелеріне жатқызылған жылына екі реттен жиі еместі құрайды.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметінің салалары үшін хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорын қалыптастыру және ақпаратты жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу үшін профилактикалық бақылау жүргізу кезінде мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) тәуелсіз ұйымдар аудитінің (сараптамасының) нәтижелері (энергия аудиті, энергия сараптамасы, тарату кезіндегі тәуелсіз аудит, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы);

5) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар);

6) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

Кәсіпкерлік субъектілерін хабарлау тәртібінің талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде іріктеу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) кәсіпкерлік субъектісі ұсынатын мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексерудің алдыңғы тексерулерінің нәтижесі.

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде профилактикалық бақылау және хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізу кезінде осы Өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

12. Іктинал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты осы Өлшемшарттарға сәйкес бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтар осы Өлшемшарттарға 1 және 2 қосымшаға сәйкес көрсетілген.

13. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес осы Өлшемшарттардың 5-тaraуына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес, мемлекеттік бақылау тиісті саласының ерекшелігі ескеріле отырып, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері мемлекеттік бақылау әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы мемлекеттік бақылау әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады.

3-тaraу. Тәуекелдерді басқару

14. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылау шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

15. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер (объектілер) өзін-өзі реттейтін үйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін үйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

16. Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

4-тaraу. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялыштық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

17. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық қуралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) хабарлау тәртібі бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің (объектілерінің) жалпы санының бес пайзынан аспауға тиіс.

5-taraу. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

18. Осы Өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін уәкілдегі орган осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және дерекқорын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 балға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rапал = SP + SC,

мұнда:

Rапал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жынтығын (іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Θ Өлшемшарттардың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

20. Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда:

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

w_i – субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы x_i;

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

21. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

мұнда:

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы);

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы);

Карал – осы Өлшемшарттың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Энергия үнемдеу және энергия
тиімділігін арттыру
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-косымша

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезіндегі қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1.	<p>Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін мынадай ақпаратты:</p> <p>1) дара кәсіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын немесе заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін;</p> <p>2) қунтізбелік бір жыл ішінде заттай және акшалай көріністегі энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдерін;</p> <p>3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесін, сондай-ақ осы іс-шаралар жоспарына енгізілетін толықтыруларды және (немесе) өзгерістерді;</p> <p>4) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін;</p> <p>5) өнім бірлігіне шаққанда накты энергия тұтынуды және (немесе) үйлер, құрылыштар, ғимараттар</p>	өрескел

	<p>ауданының бірлігіне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығынын;</p> <p>6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының көшірмесін ұсыну</p> <p>.</p>	
2.	<p>Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері қатысты Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін анық мынадай ақпаратты:</p> <p>1) дара қасіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын немесе занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін;</p> <p>2) құнтізбелік бір жыл ішінде заттай және ақшалай көріністегі энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдерін;</p> <p>3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесін, сондай-ақ осы іс-шаралар жоспарына енгізілетін толықтыруларды және (немесе) өзгерістерді;</p> <p>4) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін;</p> <p>5) өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтынуды және (немесе) үйлер, құрылыштар, ғимараттар ауданының бірлігіне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығынын;</p> <p>6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының көшірмесін ұсыну</p> <p>.</p>	өрескел
	<p>Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері</p>	

	<p>Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін төмендегі толық мынадай ақпаратты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дара қасіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын немесе занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін; 2) күнтізбелік бір жыл ішінде заттай және ақшалай көріністегі энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдерін; 3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесін, сондай-ақ осы іс-шаралар жоспарына енгізілетін толықтыруларды және (немесе) өзгерістерді; 4) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерін; 5) өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтынуды және (немесе) үйлер, құрылыштар, ғимараттар ауданының бірлігіне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығынын; 6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының көшірмесін ұсыну . 	
3.	<p>Мемлекеттік мекемелер болып табылатын, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін мынадай ақпаратты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін; 2) күнтізбелік бір жылдағы заттай және ақшалай мәндегі энергетикалық ресурстар мен суды тұтыну көлемдерін; 	елеулі

4.	<p>3) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының немесе техникалық есептің (бар болған кезде) көшірмесін;</p> <p>4) жылыту көздерін және есепті кезеңдегі ғимараттардың, құрылыштардың, құрылышжайлардың ауданы бірлігіне шаққанда жылтыуга арналған энергетикалық ресурстардың жұмысалуын;</p> <p>5) энергия тұтыну жабдығының тізбесін қамтитын ақпаратты ұсыну.</p>	өрескел
5.	<p>Мемлекеттік мекемелер болып табылатын, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін анық мынаңай ақпаратты ұсыну:</p> <p>1) заңды тұлғаның бизнес-сойкестендіру номірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін;</p> <p>2) құнтізбелік бір жылдағы заттай және ақшалай мәндегі энергетикалық ресурстар мен суды тұтыну көлемдерін;</p> <p>3) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының немесе техникалық есептің (бар болған кезде) көшірмесін;</p> <p>4) жылыту көздерін және есепті кезеңдегі ғимараттардың, құрылыштардың, құрылышжайлардың ауданы бірлігіне шаққанда жылтыуга арналған энергетикалық ресурстардың жұмысалуын;</p> <p>5) энергия тұтыну жабдығының тізбесін қамтитын ақпаратты ұсыну.</p>	өрескел
	<p>Мемлекеттік мекемелер болып табылатын, Мемлекеттік</p>	

	<p>энергетикалық тізілім субъектілері Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізетін толық мынадай ақпаратты:</p> <p>1) занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін, оның пошталық мекенжайын, атауын және қызметінің негізгі түрлерін;</p> <p>2) құнтізбелік бір жылдағы заттай және ақшалай мәндегі энергетикалық ресурстар мен суды тұтыну қолемдерін;</p> <p>3) есепті кезеңдегі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі корытындының немесе техникалық есептің (бар болған кезде) көшірмесін;</p> <p>4) жылыту қөздерін және есепті кезеңдегі ғимараттардың, құрылыштардың, құрылышжайлардың ауданы бірлігіне шакқанда жылытуға арналған энергетикалық ресурстардың жұмысалуын;</p> <p>5) энергия тұтыну жабдығының тізбесін қамтитын ақпаратты ұсыну.</p>	
6.		елеулі
7.	Электр желісінің кернеу сыныбы 110-220 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нұктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,89-дан артық немесе тең болуы тиіс	өрескел
8.	Электр желісінің кернеу сыныбы 6 -35 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нұктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,92-ден артық немесе тең болуы тиіс	өрескел
9.	Электр желісінің кернеу сыныбы 0,4 кВ болғанда тұтынушының электр желісіне қосылу нұктесіндегі электр желілеріндегі қуат коэффициенті 0,93-тен артық немесе тең болуы тиіс	өрескел
	Энергетикалық ресурстарды өндіруді және (немесе) беруді жүзеге асыру кезінде жабдықтын,	

10.	арматураның ақаулығынан, күбырларды жылу оқшаулаусыз пайдаланудан немесе энергия тұтыну жабдығының жұмыс режимін сақтамаудан туындаған олардың тікелей ысырабына жол беру	өрескел
11.	Жылына бір мың бес жұз және одан да көп тонна шартты отынга балама көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жауапты адамды тағайында	елеулі
12.	1,0-ден жоғары дәлдік сыныбы бар электр энергиясын есептеуіштерді коммерциялық есепке алу мақсатында пайдалануға жол беру	болмашы
13.	Энергетикалық аудиттің жүргінген тұлғасымен келісілген және бекітілген Энергетикалық аудитті жүргізу бағдарламасына сәйкес жабдықтар жұмысы параметрлерінің аспаптық өлшеулерінің болуы	елеулі
14.	Энергия аудитін жүргізу кезінде кәсіпорынның штаттық құралдарынан алынған деректердің болуы (салыстырылып тексерілген)	елеулі
15.	Энергетикалық аудит өткізу нәтижелері бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігі корытындының болуы	өрескел
16.	Энергетикалық аудиті өткеннен кейін бес жыл ішінде, энергетикалық аудиті корытындылары бойынша айқындалған шамага дейін энергетикалық ресурстар мен судың тұтыну көлемін өнімнің бірлігіне, үйлердің, құрылыштар мен ғимараттардың аланы бірлігіне жыл сайын азайтуды қамтамасыз ету	өрескел
17.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру корытындысында әрбір қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты	елеулі

	үшін энергия тиімділігінің сыныбын толтыру	
18.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша корытындыда ұсынымдар мен тұжырымдарды, объектінің заттай және пайыз түрінде энергия үнемдеуінің ықтимал әлеуетін камтитын корытынды бөлімнің бар болуы	елеулі
